

**«Көшбасшы» танымдық клубы-** жастардың бойында қазақстандық патриотизм сезімін және азаматтық жауапкершілік ұстанымын, мемлекеттік рәміздерге, Қазақстан халқының мәдени мұрасына, тіліне және дәстүрлеріне құрметпен қарауды қалыптастыру бағытындағы іс-шараларды ұйымдастырады.

**КЛУБТЫҢ МАҚСАТЫ:**

- жастардың бойында ұлттық құндылықтарды насихаттау бағытындағы жұмыстарды ұйымдастыруға атсалысу;
- аға буын өкілдері мен жастар арасындағы рухани қарым-қатынасты жандандыру;
- студенттердің отансүйгіштік, елінің тарихына, ата-баба дәстүріне қызығушылықтарын арттыру;
- студент-жастарды белсенді шығармашылық жұмысқа тарту және олардың тарихи, саяси, құқықтық білімдерін тереңдету;
- қоғамдағы жастар өміріне қатысты болып жатқан өзекті мәселелерді талқылап, сараптап, пікір алмасып отыру. Басқа оқу орындарындағы клубтармен байланыс орнату.

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде «Көшбасшы» танымдық клубының ұйымдастыруымен ай сайын факультетаралық «Жүзден жүйрік» интеллектуалды сайысы өтіп отырады.

Клубтың төрайымы- Техникалық факультетінің студенті А. Қапашева.



